

ЖАҢА ЗАМАНДАҒЫ САЯСИ ОЙ


Томас Гоббс , Шарль Луи Монтескье , Жан Жак
Руссо

Қазіргі кездегі саяси ілім XX ғ бас кезінде Батыс елдерінде

- 1. "Солидаризм" ілімі кең өріс алды. Оның негізін салушы француз ғалымы Л.Дюги. Бұл ілім бойынша әрбір тап өмірде өз міндетін атқарып, қоғамның ынтымақтастығы мен үйлесімділігін қамтамасыз етуі керек.
- 2. "Элитаризм" теориясы дүниеге келді. "Элита" - яғни француз тілінде "ең жақсы" "іріктелген", "сұрыпталған", "таңдаулы" дегенді білдіреді. Бұл ілімнің өкілдері - Г. Моска, В. Парето.
- 3. "Фашизм" - еңбекшілерді басып-жаншу зорлық-зомбылықтың шектен тыс түрлерін пайдалану, қоғам және адам өмірін қатан қадағалау.
- 4. "Геосаясат" теориясы. Негізін салушы Ф. Ратцель. Бұл теория бойынша мемлекеттің, өмірі қауіпсіз сенімді болу үшін оған жеткілікті географиялық кеңістік қажет. Ал ондай мүмкіндік болмаса қарудың күшімен қамтамасыз ету керек.
- 5. "Тоталитаризм" - бұл мемлекет тарапынан қоғамның және әр адамзаттың өмірін қатан бағалауға алатын мемлекеттік саяси құрылыс.
- 6. Либерализм - мемлекетті реттеу, "Аралас экономиканы", саяси әділеттілікті, пікір алуандығын алға тартады.
- 7. "Консервативтік" – мемлекеттік реттеуге қарсы. Керісінше, ол ештеңеге араласпауы керек, шексіз бәсеке бостандығын берген дұрыс деп санайды.

Гоббс Томас

XVII ғасырда буржуазиялық революция Еуропа көлемінде ең бірінші Англияда болды. Ол феодализмге күйрете соққы беріп, капиталистік қатынастардың тез дамуына жол ашты. Бұл дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі ағылшын ойшылы Томас Гоббс (1588 – 1679) еді. Оның ойынша, мемлекет қоғамдық келісімнің негізінде жалпыға бірдей бейбіт өмір мен қауіпсіздікті сақтау үшін пайда болды. Қоғамдық келісім бойынша патшаға (не мемлекет ұйымдарына) жеке адамдардың құқығы тапсырылады. Адамдар өз тілектері мен еріктерін шектеп, барлық билікті мемлекетке берді. Ол монархиялық мемлекетті ұнатты.



- ▣ Гоббс мемлекетті «жасанды дене», құдайдың орнатуы емес, адамзаттың іс-әрекетінің нәтижесі деп анықтаған. Философтың ойынша мемлекет адамдар бытыраңқы өмір сүрген және «барлығының барлығына қарсы соғысы» жағдайында болған «табиғи» күйден қоғамдық келісімге келу негізінде пайда болды. Қоғамдық келісім нәтижесінде өз еркіндігін ерікті түрде шектеген жеке азаматтардың құқығы бейбітшілікті сақтау және азаматтарды қорғау функциясы берілген мемлекет басшысына немесе мемлекеттік органдарға беріледі. Гоббстың ойынша, қоғамдық келісім бір уақытта мемлекеттің және қоғамның пайда болуына әкеп соғады. Гоббс мемлекетті «жасанды дене», құдайдың орнатуы емес, адамзаттың іс-әрекетінің нәтижесі деп анықтаған.

- Гоббс Томастың негізгі еңбектері "Азамат туралы ілімнің философиялық бастауы", "Левиафан, әлде материя, шіркеулік және азаматтық мемлекеттікбилік, оның түрлері".

Ең маңызды жаратылыс заңы:


1. бейбітшілікке ұмтылу;
2. бейбітшілік мүддесі мен өзін-өзі қорғау, қажет етсе, әркім өзінің құқынан қажетті түрғыдан бас тартуы қажет;
3. адамдар өздері келіскен келісімді орындаулары керек.

Гоббс Томастың заңы

1. Бейбітшілікті іздеу
2. Еркіндікке қанағаттану
3. Қорытынды келісім, заң болу керек
4. Алғыс
5. Өзара концессия
6. Кешірім
7. Зұлымдыққа зұлымдық
8. Кемістуге қарсы
9. Тәкаппарлыққа қарсы
10. Өзімшілдікке қарсы
11. Әділеттілік пен бейтараптығы
12. Ортақ затты қолдану
13. Кезектесіп қолдану
14. Ешкім өзіне төрағалық ете алмайды
15. Сот шешіміне бағыну
16. Арбитр тек факт пен куәгерлерге сену керек

Шарль Луи Монтескье

Франциядағы буржуазиялық революцияның көрнекті өкілі Шарль Луи Монтескье (1689 – 1775) әр халықтың адамгершілік бейнесін, оның заңдарының айырмашылығын, қоғамның дамуын географиялық ортаға (ауа райына, топырағына, жер бедеріне, көлеміне, т.б.) байланыстырды. Бостандық – заң неге ерік берсе, соны істеу. Саяси бостандық экономиканың, өндірістің сауданың дамуына әсер етеді. Ол сөз, баспасөз, ұждан бостандығын жақтады. Мемлекет азаматтарды өмірге қажетті қаражаттармен қамтамасыз етуге міндетті. Бостандықты баянды ету мақсатында және төңкерістерге жол бермеу үшін билікті заң шығаратын, атқарушы және сот билігі етіп бөлу керек делі




- Негізгі еңбектері: “Парсы хаттары” ([1721](#)), “Заңдардың рухы туралы” ([1748](#)). Монтескье “Заңдардың рухы туралы” еңбегінде заңдардың шығу себептерін, қалыптасуын зерттеді.

Мемлекеттік биліктің үш сатысын:

- заң шығарушы,
- атқарушы
- сот билігін бөлу арқылы басқару азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, өкімет билігін теріс пайдаланып, қиянат жасауды болдырмайды деген ой айтты.

Жан-Жак Руссо

Францияның ойшыл – ағартушысы Жан Жак Руссо (1712 – 1778) ұсақ буржуазияның, шаруалардың мүддесін қорғады. Ол еркіндік пен теңдікті ең жоғарғы игілік деп санады. Еркіндіктің кепілі теңдік, ал теңдік саясатта ғана емес, мүлікте де болуға тиіс. Мемлекет шектен тыс байлық пен кедейлікке жібермей, адамдар арасында теңдікті сақтауы керек. Руссо тікелей халық билігін ұсынды. Егер елдің жері үлкен болса, халықтың өкілдігін қолдануға болады. Бірақ бұл ретте депутат халық қызметшісі болуға тиіс. Руссо оқтын – оқтын халық жиналысын өткізіп, онда үкімет есеп беруін талап етті.



Негізгі идеясы – халық егемендігі. Қоғамдық келісім негізінде ортақ ерік жатыр.

Заң шығарушы билік тікелей егеменді халықтың өзімен іске асырылады. Ал атқарушы билік егемендіктің шешімі бойынша қол астындағылармен байланыс үшін құрылады.

Атқарушы билік кімге тапсырылды соған байланысты биліктің түрлерін бөлген: демократия, аристократия, монархия.

Руссоның демократия теориясы көбінесе қатысу теориясы болып табылады. Өзінің "қоғамдық келісімінде" ол саяси шешімдерді қабылдау процесіне әр жеке адамның қатысуына ерекше назар аударады. Оның тұжырымдамасы жеке адамдарға қатысудың психологиялық әсер етуіне (яғни, әлеуметтік мінез-құлықтың психологиялық құрылымы мен сәйкес әлеуметтік институттардың құрылымы арасындағы өзара байланысына) деген қызығушылықты білдіреді.